\*2019 жылдың 1 маусымында №2 (Рысқұлов көшесі, 4Г) автоматты бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртті сутегінің 4 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) (14,4-20,8 ШЖШ<sub>м.б</sub>) тіркелген.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры – 1,6 ШЖШ<sub>о.т</sub>, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғырлары– 20,8 ШЖШ<sub>м.б</sub>, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ<sub>м.б</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері– 2,3 ШЖШ<sub>м.б</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

## 2.2 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек өзенінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### Елек өзені:

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 20,38 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион-1,54 мг/дм<sup>3</sup>, бор (3+) – 1,059 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002мг/дм<sup>3</sup>. Бор(3+)-дың және аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 19,57мг/дм<sup>3</sup>.Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары:су сапасы 4 класқа жатады: бор(3+)– 0,824мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар– 0,003мг/дм<sup>3</sup>. Бор(3+) және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені,Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: бор(3+) – 1,059 мг/дм<sup>3</sup>,хром(6+) – 0,223мг/дм<sup>3</sup>. Бор(3+) және хром(6+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені,Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы:су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион- 1,58 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар-14,88 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Елек өзені** бойынша су температурасы 24,3°С, сутегі көрсеткіші 7,86-8,26, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,11-10,59мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,7-4,07мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

Елек өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион 1,45 мг/дм<sup>3</sup>, бор(3+)– 0,863мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар-0,0015 мг/дм<sup>3</sup>, хром(6+) – 0,138 мг/дм<sup>3</sup>.

### 2.3 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,03– 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### 2.4 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7–1,9 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы



### 3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі


#### 3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі, 14	
30			«Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы	
5			«Халық арена» мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6	Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы			



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі *өте жоғары деңгей* болып бағаланды, ЕЖҚ=53% (өте жоғары деңгей) азот диоксидімен анықталды №12-бекет аумағында (Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы) және СИ=4 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксидімен анықталды №1-бекет (Бостандық ауданында) анықталды.

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Күкірт диоксидінің орташа ластаушы заттарының шоғырлары–2,56 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид -1,61 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді -1,27 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, қалқыма бөлшектер (шаң)-1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары – 4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксидінің -2,3ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер-1,99 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектер-1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, қалқыма бөлшектер(шаң)-1,0ШЖШ<sub>м.б.</sub>, және фенол– 1,0ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (3-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

### 3.2 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластанужай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте



## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі деңгейде* болып бағаланды, СИ = 2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 2 бекет аумағында (Қонаев к., 32) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары-қалқыма бөлшектер PM-10-1,23 ШЖШ<sub>0.т</sub> құрады, басқа ластаушы заттектердің мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің максималды-бірлік шоғырлары-1,2 ШЖШ<sub>м.б</sub>, азот диоксиді 1,8 ШЖШ<sub>м.б</sub>, күкіртті сутегі 1,25 ШЖШ<sub>м.б</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 3.4 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 13 нүсанында (Іле, Текес, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Ырғайты өзендері, Қапшағай су қоймасы, Үлкен Алматы, Балқаш, Алакөл көліне) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

#### **Кіші Алматы өзені:**

- 1 тұстама Алматы қ. (қаладан 11 км жоғары) су сапасы нормаланбайды (>3класс) жатады: темір(3+)-0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+)- нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- 2 тұстама Алматы қ. су сапасы нормаланбайды (>3класс) жатады: темір(3+)-0,04 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+)- нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- 3 тұстама Алматы қ. (қаладан 4,0 км төмен) су сапасы 4 класс: темір(3+)-0,04 мг/дм<sup>3</sup>, магний - 30,6 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 10,4-19,5 дейін, сутегі көрсеткіші 7,49-8,14, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 11,2-11,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,8-1,4 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-6 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+)-0,04 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Үлкен Алматы өзені:**

- 1 тұстама Алматы қ., қаладан 9,1 км жоғары су сапасы су сапасы нормаланбайды (>3класс): темір (3+)-0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- 2 тұстама Алматы қ. су сапасы нормаланбайды (>3класс) жатады: темір(3+)-0,05 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) - нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- 3 тұстама Алматы қ. (Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң.) су сапасы су сапасы нормаланбайды (>3класс) жатады: темір(3+)-0,04 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+)- нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 12,5-17,2°С дейін, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,84-7,89, суда

еріген оттегінің концентрациясы – 10,9-11,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,0-1,4 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-7 градус; судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+)-0,04 мг/дм<sup>3</sup>.

**Есентай өзенінде:**

- 1 тұстама Алматы қ. (Аль-Фараби даң.; көпірден 0,2 км жоғары) су сапасы 3 класс: темір (3+)-0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір (3+) нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- 2 тұстама Алматы қ. (Рыскулов даң.; көпірден 0,2 км жоғары) су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+)-0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+)- нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады

Есентай өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 16,1-17,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,08-8,20, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,9-11,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> -1,5 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 7-8 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+)-0,02 мг/ ОБТ дм<sup>3</sup>.

**Текес өзенінде** су сапасы 2 класқа жатады: марганец -0,019 мг/ дм<sup>3</sup>, нитрит анионы – 0,15 мг/ дм<sup>3</sup>. Марганец нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, нитрит- анионы нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Су температурасы 11,0-11,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,85-8,0, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,7-11,9 -мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,6-1,6 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 5-6 градус; иісі – 0 балл.

**Қорғас өзенінде:**

- 1 тұстама Басқұншы а. (су бекеті тұстамасында) су сапасы 2 класқа жатады: ОБТ-18 мг/ дм<sup>3</sup>, марганец -0,032 мг/дм<sup>3</sup>. ОБТ, марганец нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады

- 2 тұстама Ынтылы заставасы су сапасы су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір(3+)-0,023 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 15,2-18,0 °С, сутегі көрсеткішінің 7,75-8,1, суда еріген оттегі – 7,4-9,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,5-1,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-7 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады. Темір(3+)-0,017 мг/дм<sup>3</sup>.

**Іле өзенінде:**

- тұстама ГБ 164 км Қапшағай ГЭС (су бекеті тұстамасында) су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма бөлшектер -94,6мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма бөлшектер мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Қапшағай ур., ГЭС-тен 26 км төмен (су бекеті тұстамасында) су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер -0,80 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Үшжарма а. (Үшжарма а. 6,0 км төмен) су сапасы 2 класс: фторидтер -0,90 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Добын ай. (су бекеті тұстамасында) су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма бөлшектер – 183,7 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма бөлшектер мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Іле өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 11,8-20,9°C дейін, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,74-8,27, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,6-11,5 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,5-1,5мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-8 градус; судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+)-0,02 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Қапшағай су қоймасы**

- тұстама Қапшағай қ., Қаскелен өз. сағасынан 4,5 км А-16 су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер-0,80 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Қарашоқы а., ауыл шекарасында су сапасы 5 класқа жатады: фторид-1,96 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Қапшағай су қоймасы барлық тұстамасы су температурасы 21-22 °С, сутегі көрсеткіші 8,03-8,22 суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 9,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–1,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 6-8 градус, иісі –0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер -1,38 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

#### **Лепсі өзені**

- тұстама Лепсі стансысы су сапасы 2 класс: темір(3+)-0,21 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Төлебай а. нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) -0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Лепсі өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 17,5-20,4 °С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,94-8,02 суда еріген оттегі концентрациясы –9,8,-10,5мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,6-0,9 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 7-8 градус; судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3класс: темір(3+)-0,015 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Ақсу өзені**

- Матай станция тұстамасы су сапасы 3 класс: темір (3+) -0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Су температурасы 19,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,16, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,6 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 8 градус; судың иісі – 0 балл.

#### **Қаратал өзенінде**

- тұстама Талдықорған қ. су сапасы 2 класқа жатады: жалпы темір -0,26 мг/дм<sup>3</sup>.Темір(3+) мақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Текелі қ. су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама Үштөбе а. су сапасы 1 класқа жатады.

Қаратал өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 12,2-16,5°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,98-8,07, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,8-10,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–1,0-1,1 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 6-7 градус, судың иісі –0 балл.

Су сапасы 1 класқа жатады .

#### **Балқаш көлі:**

- тұстама Қарашаған шығанағы , су сапасы нормаланбайды (>5 класс) магний -282 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -1806 мг/дм<sup>3</sup> , минералдандыру- 4967 мг/дм<sup>3</sup> , хлоридтер -

1092 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер -5,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлоридтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минералдандыру, сульфаттар, фторидтер концентрациясы фондық концентрациядан асады .

- тұстама Бүрлі – Төбе ауылы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний -286 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -1796 мг/дм<sup>3</sup>, минералдандыру- 5044 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер-1099 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер-5,6 мг/дм<sup>3</sup> . Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, сульфаттар, хлоридтер минералдандыру, фторидтер концентрациясы фондық концентрациядан асады .

- тұстама Лепсі демалыс аймағы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний -277 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -1825 мг/дм<sup>3</sup> , минералдандыру- 5055 мг/дм<sup>3</sup> , хлоридтер -1021 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер-5,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлоридтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, Фторидтер, сульфаттар, минералдандыру концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Балқаш көлі су температурасы 20,0-21,0 °С, сутегі көрсеткішінің 8,50-8,79, суда еріген оттегі – 9,7-10,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,9-1,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-6 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний -282 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -1809 мг/дм<sup>3</sup>, минералдандыру- 5022 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -1071 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер-5,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлоридтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минералдандыру, сульфаттар, фторидтер концентрациясы фондық концентрациядан асады.

#### **Алакөл көлі:**

- тұстама Ақши ауылы , су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний -281 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -2382 мг/дм<sup>3</sup>, минералдандыру- 5561 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -1255 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер -4,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, минералдандыру, фторидтер, сульфаттар, хлоридтер концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Қабанбай ауылы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний - 274мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-2690 мг/дм<sup>3</sup>, минералдандыру- 6102 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -1312 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер-5,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, сульфаттар, хлоридтер, фторидтер минералдандыру концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- тұстама Емел су бекетінен 20 км төмен су сапасы 3 класқа жатады: магний-21,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Алакөл көлі су температурасы 17,3-20,7 °С, сутегі көрсеткішінің 8,26-8,94, суда еріген оттегі – 9,7-10,6 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,6-1,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-6 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс) магний -192мг/дм<sup>3</sup>, минералдандыру-3990 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -877 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар -1707 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер-3,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды, сульфаттар, хлоридтер, фторидтер, минералдандыру нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

Алматы облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы 2019 жылғы маусым Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1 класс –Қаратал; 2

класс – Текес өзені, Қапшағай су қоймасы; 3 класс – Есентай, Іле, Лепсі, Ақсу, Қорғас; нормаланбайды (>3класс)- Үлкен Алматы өзені, Үлкен Алматы көлі, Кіші Алматы өзені; нормаланбайды (>5) - Балқаш, Алакөл көлдері.

### 3.4 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласының 1 автоматты бекетінде (№2 ЛББ) бақылау жүргізілді (3.3 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,00-0,27 мкЗв/сағ. аралығында болды.

Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., бұл табиғи фоннан аспайды.

### 3.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-2,1 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды.

Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

### 4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкірттісутегі,фенолдар,аммиак,формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бигелдинов көшесі,10А (Атырау филиалының жанында, ескі әуежай)	PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак,көміртегі диоксиді,озон (жербеті)
8			Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак, озон (жербеті)
9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),күкірттісутегі, аммиак





4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, СИ=14 (СИ > 10 өте жоғары деңгей) анықталды.

\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

\*2019 жылғы 28 маусымда №6 бекетінің (Бегелдинов көшесі, 10А) мәліметі бойынша күкіртті сутегінің (13,63 ШЖШ<sub>м.б</sub>) 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелді.

Орташа айлық шоғырлары қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша – 1,0 ШЖШ<sub>о.т.кұрады</sub>, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір-реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегінің –13,6 ШЖШ<sub>м.б.кұрады</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


## 4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).



### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак радиациялық гамма фон қуаттылығы



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төменгі деңгей* болып бағаланды, СИ = 1 күкіртті сутегі бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары - 2,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жербеті) - 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғырлары – 1,05 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су нысанында, Жайық, Шаронова, Қиғаш және Ембі өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

#### **Жайық өзені:**

- Махамбет аул. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 304 мг/л құрайды. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- 0.5 км Атырау қ. жоғары тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 330 мг/л құрайды. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- 3.6 км Атырау қ. төмен тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 325 мг/л құрайды. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Яик тармағының тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 415мг/л құрайды. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Золотой рукав тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 405мг/л құрайды. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Индер ауданының тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 379мг/л құрайды. Қалқымалы заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 19,8-24,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,10-8,84, судағы еріген оттегі – 5,8-7,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,1-2,8 мг/дм<sup>3</sup>, иісі – 0 балл, түстілігі – 34,0-37,0 градус аралығында байқалған.

Жайық өзені бойынша су сапасы су сапасын нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар 360 мг/л құрайды.

#### **Шаронов өзен тарамы:**

Шаронов өзенінің тарамы бойынша су температурасы 21,7°C, сутегі көрсеткіші – 7,36, судағы еріген оттегі – 5,5мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,5 мг/дм<sup>3</sup>, иісі – 0 балл, түсі – 37,0 градус аралығында байқалған.

- Ганюшкино а. тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 427мг/л құрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Қиғаш өзенінің саласы:**

Қиғаш өзенінің саласы бойынша су температурасы 22,6°C, сутегі көрсеткіші - 8,94, судағы еріген оттегі – 6,3мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,2 мг/дм<sup>3</sup>, иісі – 0 балл, түстілігі – 36,0 градус аралығында байқалған.

Котьяевка а. тұстамасы: нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 374 мг/л кұрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Ембі өзен:**

Ембі өзенінің саласы бойынша су температурасы 23,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,10, судағы еріген оттегі – 5,7мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,5 мг/дм<sup>3</sup>, иісі – 0 балл, түстілігі – 38,0 градус аралығында байқалған.

Котьяевка а. тұстамасы: нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 354 мг/л кұрайды. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан асады.

2019 жылғы маусымда Бірыңғай жіктеу жүйесі бойынша Атырау облысы аумағында су объектілеріндегі су сапасы мынадай түрде бағаланады: нормаланбайды (>5 класс) - Жайық пен Ембі өзендері, Шаронова тарымы және Кигаш саласы.

### **4.4 Атырау облысы аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы**

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар, теңіз кеме жүру арналары (2 нүкте), Жайық өзені қайраңы (5 нүкте), Шалығи шығанағы аралдары (5 нүкте), Волга өзені (5 нүкте) қайраңы, Жанбай а. (5 нүкте).

**-Теңіз кеме жүру арнасы, кеме жүру арнасы бас. 1 км төмен тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3799 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1959 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Теңіз кеме жүру арнасы, кеме жүру арнасы бас. 6 км төмен тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3581 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2019 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Жайық өзені қайраңы - №1 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3575 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1712 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Жайық өзені қайраңы - №2 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3678 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1763 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 1518 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид, сульфат және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Жайық өзені қайраңы - №3 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3307 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1572 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Жайық өзені қайраңы - №4 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3551 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1727 мг/дм<sup>3</sup>.

Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Жайық өзені қайраңы - №5 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3554 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1815 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Шалығи шығанағы аралдары - №1 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3651 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1885 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Шалығи шығанағы аралдары - №2 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3730 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1951 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Шалығи шығанағы аралдары - №3 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3476 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1604 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Шалығи шығанағы аралдары - №4 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3623 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1818 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Шалығи шығанағы аралдары - №5 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3903 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2099 мг/дм<sup>3</sup>. Хлорид және минерализация нақты концентрациясының мәні фондық кластан аспайды.

**-Волга өзені қайраңы- №1 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3447 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1768 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Волга өзені қайраңы- №2 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3455 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1746 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Волга өзені қайраңы- №3 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3391 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1567 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Волга өзені қайраңы- №4 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3534 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1829 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Волга өзені қайраңы- №5 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3650 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1961 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Жанбай ауылы - №1 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3939 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2318 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Жанбай ауылы - №2 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3399 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1867 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Жанбай ауылы - №3 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3441 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1728 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Жанбай ауылы - №4 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3699 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1872 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Жанбай ауылы - №5 нүкте тұстамасында** су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3778 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2100 мг/дм<sup>3</sup>.

**Солтүстік Каспий** теңізінің су температурасы 25,2-27,2°C , теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,48-8,90, суда еріген оттегі – 6,1-7,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,9-4,4 мг/дм<sup>3</sup>. Каспий теңізі бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация – 3635 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1890 мг/дм<sup>3</sup>.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың маусым айында Атырау облысы аумағындағы Каспий теңізінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс).

#### **4.5 Атырау облысы жер үсті суларының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша сапасының жай-күйі**

Жайық, Қиғаш, Ембі өзендерінде, Шаронов арналарында және Каспий теңізінде гидробиологиялық бақылау жүргізілді. Судың сапасы перифитон мен бентос жағдайы бойынша анықталады, сондай-ақ биотестілеу (судың жіті уыттылығын анықтау) жүргізіледі.

##### **Жайық өзені**

**Перифитон.** Перифитонның өсіп-өнуінде диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар басым болды. Диатомды балдырлар барлық жармаларда кездеседі, тек "Атырау қ." жармаларында жасыл, ал эвглендік және көк-жасыл - "Индер п."жармаларында кездеседі. Кездесу жиілігі 1-2-ге тең, яғни "өте сирек". Сапробтың орташа индексі 1,84 орташа ластанған суларға тең.

**Зообентос.** Зообентос құрсақ моллюскаларымен ұсынылды және катушкалардың отбасы өкілдерін қамтыды. Вудивисс бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Су класы - үшінші.

**Биотестілеу.** Жайық өзені бойынша тест-параметрдің биотестілеу мәліметтері бойынша бақылау нүктелері жүйелі түрде берілген.:

- "Махамбет кенті"-ауылдан 0,5 км жоғары, суқұбыры тұсындағы-0%,
- Атырау қ.,"- қаладан 3,6 км төмен", "балық консервілеу зауытының тасталуынан 0,5 км төмен", Балықшы кенті, "тармақтан 3,5 км төмен", "пр, Перетаска" -0%,
- Индер кенті "- суқұбырының тұсында" -0%.

Алынған деректер зерттелетін судың тест-объектіге улы әсерінің жоқтығын көрсетеді.

##### **Шаронов арнасы**

**Перифитон.** Перифитонның түрлік құрамы диатомды, көк-жасыл және эвгленды балдырлармен ұсынылған. Диатомдар арасында 4 түр, көк-жасыл-2, эвгленовтер арасында-1 кездеседі. Сапроб индексі 1,93 құрады. Судың сапасы- орташа ластанған су.

**Зообентос.** Бұл протоке Шаронова кездескен сүліктер (Hirudinea) және малощетинковые құрттар (Oligochaeta). Биотикалық индекс -5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 класқа сәйкес болды.

**Биотестілеу.** Тест-объектіге судың қатты уыттылығын анықтау барысында бақылауға қатысты (тест-параметр) қайтыс болған дафний 0% пайызы. Тест-объектіге улы әсер еткен жоқ.

### Кигаш өзені

**Перифитон.** Перифитонның түр құрамы тек диатомды балдырлармен ұсынылған: *Ceratoneis arcus*, *Cocconeisplacentula*, *Cymbellaventricosa*, *Nitzschialongissima* и *Synedravaucheriae*. Сапроб индексі 1,43 құрады, бұл 3 класқа сәйкес келді. Судың сапасы орташа ластанған су.

**Зообентос.** Бұл зообентосе Қиғаш өзені кездескен түрлі түрлері брюхоногих ұлулар (*Gastropoda*): *Lymnaea auricularia*, *L. ovata*, *L. truncatula*, *Planorbis vortex*, *Pl. complanata* және басқалар. Барлық осы түрлер-сапробтық индикаторлары  $\beta$  - мезосапробты аймақ шегінде болды. Бентос бойынша биотикалық индекс -5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 сыныбына сәйкес келді.

**Биотестілеу.** Қиғаш өзені бойынша биотестілеу барысында алынған деректер тест-объектіге улы әсердің жоқтығын көрсетті. Зерттелетін суда тірі қалған дафний саны 100% құрады. Тест-параметр 0% құрады. (Қосымша 4).

### Эмба өзені

**Перифитон.** Перифитон бай емес және диатомды және көк-жасыл балдырлармен ұсынылған. Диатомдар арасында *Ceratoneis arcus* және *Cocconeis pediculus* басым болды, көк-жасыл тек *Phormidium favosum* кездесті. Сапроб индексі 1,45 тең. Су класы үшінші, яғни орташа ластанған су.

**Зообентос.** Бұл зообентосе басым қосқанаттылар (*Tipula* sp.) және бұлақтар (*Glyptotaelius punctatolmeatus*). Биотикалық индекс-5 тең болды. Ембі өзенінің зообентосын зерттеу нәтижелері бойынша су қоймасының түбі орташа ластанған деп бағаланды.

**Биотестілеу.** Тест-объектіге судың қатты уыттылығын анықтау барысында бақылауға қатысты (тест-параметр) қайтыс болған дафний 0% пайызы. Тест-объектіге улы әсер еткен жоқ.

### Каспий теңізі

**Перифитон.** Өсудің альгоценозы бай және балдырлар тобының барлық өкілдерімен, атап айтқанда диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленовтармен ұсынылған. Сапроб индекстері 1,65-тен 2,33-ке дейін өзгерді. Каспий теңізінің 22 нүктесі бойынша сапробтың орташа индексі 1,94 орташа ластанған суды құрады және 3 класс шегінде қалды.

**Зообентос.** Зообентос сынамаларында келесі өкілдер болды: шаян тәрізділер-*Gammarus pulex*, бұлақтар-*Stenophylax stellatus* және ұлулар: *Lymnaea ovata*, *Sphaerium solidum* және *Unio pictorum*. Биотикалық индекс-5 тең болды. Теңіз түбі орташа ластанған деп бағаланады.

**Биотестілеу.** Тест-объектіге судың қатты уыттылығын анықтау барысында бақылауға қатысты (тест-параметр) қайтыс болған дафний 0% пайызы. Тест-объектіге улы әсер еткен жоқ. (Қосымша 5).

#### 4.6 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,26 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 4.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.6-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,4 – 1,8 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.6-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

### 5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, күкіртті сутегі, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, фторлы сутек, хлор, хлоры сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, күшәнның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен, радиациялық гамма-фон қуаттылығы. №1,5,7 ЛББ: бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунар көшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма-фон қуаттылығы.
3			Ворошилов көшесі, 79	





5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.1) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол  $EЖҚ=3\%$  азот диоксиді бойынша (көтеріңкі деңгей) №1 бекет аумағында (Рабочая көшесі, 6) және  $СИ=1$  (төменгі деңгей) күкірт диоксиді бойынша №3 бекет аумағында (Ворошилов көшесі, 79) анықталды.

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: фторлы сутек – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді -1,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: формальдегид – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластағыш заттар шоғыры ШЖШ аспады (кесте 1).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

## 5.2 Алтай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті)



5.2-сурет. Алтай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасуы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (5.2 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ=0 және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: озон – 1,5 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

### 5.3 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі, 7	PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірт диоксиді, күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.3-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.3) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол СИ=2 (көтеріңкі деңгей) азот оксиді бойынша №3 бекет аумағында (9 мая көшесі, 7) және ЕЖҚ= 1% (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша №6 бекет аумағында (Клинка көшесі, 7) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: азот оксиді – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.




## 5.4 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкір диоксиді,күкіртті сутегі,аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.4) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол  $EЖҚ=4\%$  (көтеріңкі деңгей)

және СИ=1 (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша №4 бекета аумағында (343 квартал (балабақша ауданы)) анықталды.

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлар бойынша: фенол - 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: фенол – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

## 5.5 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі, 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшән, радиациялық гамма-фон қуаттылығы
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.5-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.5) кенттің атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол  $EЖҚ=1\%$  (көтеріңкі деңгей) және  $СИ=1$  (төменгі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Попович көшесі, 9 «А») анықталды.

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: күкіртті сутегі  $-1,3$  ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

## 5.6 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 12 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері және Өскемен, Бұқтырма су қоймалары).

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### **Қара Ертіс өзені:**

- **Қара Ертіс** өзенінде су температурасы  $15,8$  °С-  $22,4$  °С, сутегі көрсеткіші  $7,37-7,71$ , судағы еріген оттегінің шоғыры  $- 7,07-9,14$  мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>  $- 1,35$  мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі  $40-60$  градус, иісі  $- 0-1$  балл.

- Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан  $0,3$  км жоғары, су бекеті тұстамасында су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар  $- 29,7$  мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

### **Ертіс өзені:**

- Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен  $0,8$  км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09): су сапасы нормаланбайды ( $>5$  класс): қалқыма заттар  $- 14,3$  мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан  $0,5$  км төмен, теміржол көпірінен  $0,5$  км жоғары тұстамасында: су сапасы 5- класқа жатады: қалқыма заттар  $- 13,5$  мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан  $3,2$  км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2-класқа жатады: марганец- $0,014$  мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан  $3,2$  км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды ( $>5$  класс): қалқыма заттар  $- 32,2$  мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 23,4 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

. - Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар – 19,2 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 - класқа жатады: марганец – 0,018 мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Семей қ. 3 км қаладан төмен; Қалалық "Су каналы" Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында : су сапасы 2 - класқа жатады: марганец – 0,023 мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Ертіс** өзені бойында су температурасы 8,2 °С – 14,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,55-8,33, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,00-11,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,51-1,75 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 11-57 градус, иісі – 0 балл.

Ертіс өзені ұзындығы бойынша су сапасы 5-класқа жатады: қалқыма заттар – 14,4 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Бұқтырма өзені:**

- Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында , су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар -71,1 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында , су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар-62,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Бұқтырма** өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 11,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,45-7,54, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,09 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,91-1,92 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 63 градус, иісі – 0 балл.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 66,7 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Брекса өзені:**

- Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,34 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау тұстамасында : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 62,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Брекса** өзені бойында су температурасы 13,6 °С – 13,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,46-7,70, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,33-8,64 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,64-0,81 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 51-57 градус, иісі – 0 балл.

Брекса өзені ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 34,95 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Тихая өзені:**

- Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 3-класқа жатады: аммоний ионы – 0,78 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,032 мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

**Тихая** өзені бойында су температурасы 10,2<sup>0</sup>С-12,8<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,35-7,46, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,94-10,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,06-1,12 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 40-41 градус, иісі 0 балл.

Тихая өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,63 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Үлбі өзені:**

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 63,0 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы темір – 0,41 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттар мен жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 78,6 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 41,9 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы темір – 0,39 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттар мен жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 75,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 32,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Үлбі** өзені бойында су температурасы 7,4 °С – 12,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 6,92-8,01, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,85-10,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,52-1,07 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 49-60 градус, иісі 0 балл.



Үлбі өзені бойында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 58,1 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Глубочанка өзені:**

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 24,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,153 мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 23,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

**Глубочанка** өзені бойында су температурасы 15,6<sup>0</sup>С-17,0<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,22-8,40, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,33-9,24 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,48-1,68 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 19-21 градус, иісі 0-1 балл.

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3-класқа жатады: магний – 23,2 мг/дм<sup>3</sup>, кадмий – 0,0014 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Красноярка өзені:**

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында : су сапасы 3-класқа жатады: магний – 20,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3-класқа жатады: магний – 20,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

**Красноярка** өзені бойында су температурасы 15,0<sup>0</sup>С – 16,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,35-8,43, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,85 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,75-0,92 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 17-18 градус, иісі 0 балл.

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3-класқа жатады: магний – 20,8 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Оба өзені:**

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09) тұстамасында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,018 мг/дм<sup>3</sup>. Марганецтің нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде;Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында - су сапасы 4-класқа жатады: қалқыма заттар – 13,4 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

**Оба** өзені бойында су температурасы 14,7<sup>0</sup>С-15,8<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,70, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,3-10,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,58-0,66 мг/дм<sup>3</sup>. Түстілігі 23-25 градус, иісі 0 балл.

Оба өзені бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,018 мг/дм<sup>3</sup>.

### Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 20,8-27,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,29-8,36, судағы еріген оттегінің шоғыры 7,73-8,46 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,61-1,02 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 42-113 градус, иіс – 0 балл.

Емель өз. тұстамасы : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 104 мг/дм<sup>3</sup> Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

### Өскемен су қоймасы:

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8 ап** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8 ад** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8 бп** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8 бд** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8 вп** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8 вд** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,020 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4 п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4 д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 ап** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 ад** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,9) гидрологиялық 4в тігімен сәйкес келеді, **4 вп** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 5,4 км жоғары, сол жағалаудан тұстама бойынша 0,3 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), тігінен 1а, **1 п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 ап** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 ад** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,021 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 вп** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 вд** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,023 мг/дм<sup>3</sup>.

**Өскемен су қоймасы** бойында су температурасы 5,6<sup>0</sup>С – 15,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,58-8,06, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,8-11,6 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,95-1,90 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 12-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Бұқтырма су қоймасы:**

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1п** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1д** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1ап** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1ад** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км ( су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: фосфаттар-0,24 мг/дм<sup>3</sup>.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км ( су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: фосфаттар-0,31 мг/дм<sup>3</sup>.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,26 мг/дм<sup>3</sup>..

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,28 мг/дм<sup>3</sup>.

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,300 мг/дм<sup>3</sup>.

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,380 мг/дм<sup>3</sup>.

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасынның ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,24 мг/дм<sup>3</sup>..

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасынның ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,020 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,28 мг/дм<sup>3</sup>.

Қарақас қысқаруы, төменгі Қарақас а. ОШ қарай 1,6 км, төменгі Қарақастың оңтүстік шекарасынан 1 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,52), гидрологиялық 20-тігімен сәйкес келеді, **20п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,22 мг/дм<sup>3</sup>.

Крестовка а., азимут бойынша 270°, ара қашықтығы 2,5, тереңдігі 5,0, тігінен 4; **4п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,038 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,380 мг/дм<sup>3</sup>.

**Бұқтырма су қоймасы** бойында су температурасы 4,8<sup>0</sup>С-21,8<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,12-8,28, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,25-10,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,85-2,45 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 16-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар-0,247 мг/дм<sup>3</sup>.

2019 жылы маусым айында Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

2-класқа –Оба өзендері және Өскемен, Бұқтырма су қоймалары жатады, 3-класқа Тихая, Глубочанка, Красноярка өзендері, 4-класқа Қара Ертіс өзені; 5-класқа Ертіс өзені, нормаланбайды (>5 класс) класқа – Бұқтырма, Үлбі, Брекса, Емель жатады. (кесте 4).

## **5.7 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша 2019 ж. маусым айындағы ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы**

**Қара Ертіс өз.** 2019 ж. маусым айында жер үсті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлген дафниялар тест-параметрі 0% құрады.

Маусым айында Қара Ертіс өз. тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 6 түрі анықталды. Анықталған балдырлардың диатомды балдырлар саны -4, ал жасыл балдырлардан 2 түр анықталды. Сапробты индекс 1,57 тең, бұл сапаның II класына сәйкес, «таза» сулар.

Қара Ертіс өз. макрозообентос құрамынан Plecoptera, Trichoptera, Heteroptera, қауымдастықтарына жататын 6 түр анықталды. Биотикалық индекс 8-ге тең, бұл сапаның II класына сәйкес, «таза сулар» болды.

**Ертіс өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; ал «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 10% құрады; ал «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 13,3% құрады.

Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 9 түрі анықталды. Анықталған балдырлардың басымы диатомды балдырлар саны -8, ал жасыл балдырлардан тек 1 түр анықталды. Басым түрлерге (7 бал) *Diatoma vulgare* болды. Басқа түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,74 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 11 түрі кездеседі. Олардың 10 түрі диатомды, ал 1 түрі жасыл балдырлар өкілі. Даму көрсеткіші жағынан *Diatoma vulgare* (5 бал) және *Synedra ulna* (5 бал) болды. Сапробты индекс 2,02 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен» тұстамада сол жақ жағасынан алынған түрлер саны 15 тең. Басымдылығы жағынан *Gomphonema parvulum* (5 балл) болды. Сапробты индекс 1,79 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада түрлер 3-ке аздауымен сипатталады. 1 түр жасыл қалғаны диатомды балдырлар. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,95 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 12 түрі айқындалды. Сапробты индекс 1,91 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 18 түрі айқындалды. Ешбір түр басымдық танытпады. Сапробты индекс 1,75 тең. Сапа III класқа сәйкес, «орташа ластанған» сулар.

Маусым айында «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамадағы макрозообентостың 6 түрі айқындалды, олар Crustacea, Vermes, Dipteralarvae дернәсілдері. Биотикалық индекс мәні 5 тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. санатына

жатқызылады. «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» тұстамадан алынған сынамада Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustacea, Turbellaria. 6 түрі анықталды. Биотикалық индекс мәні 6 тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамадағы су сынамасында макрозообентос құрамынан Plecoptera, Trichoptera, Diptera larvae, Crustaceae, Vermes таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 7-ге тең, сапа II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада макрозообентос Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae қауымдастықтарына жататын 9 таксон анықталған. Биотикалық индекс 7 тең, сапа II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Прапорщиково ауылы шегінде орналасқан тұстама «Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада макрозообентос Trichoptera, Diptera larvae, Crustacea, Heteroptera қауымдастықтарына жататын 6 таксон анықталған. Биотикалық индекс 6 тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған» санатына жатқызылады. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстама сынамасының су сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс 7 тең. Макрозообентос құрамында Plecoptera, Trichoptera, Crustaceae, Coleoptera, Vermes болды.

**Бұқтырма өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Екі тұстамада тірі дафниялар 100% құрады.

Бұқтырма өз. перифитон сынамалары «Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамада диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс мәні 1,84 су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

«Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамадан алынған сынамада сапробты индекс мәні 1,82 су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Маусым айында Бұқтырма өз макрозообентос құрамынан «Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамада Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Heteroptera, Diptera larvae түрлері анықталды. Биотикалық көрсеткіші 9ға тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамада Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae түрлері анықталды. Су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіші 8ге тең.

**Брекса өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде;

Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 0% құрады. Екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 20% құрады.

Брекса өз. перифитон сынамалары «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынымада балдырлардың 9 түрі айқындалды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,49 су сапасы II класына сәйкес – «таза сулар» санатына жатқызылады. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада балдырлардың 9 түрі айқындалды. . Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,67 су сапасы III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Брекса өзенінің «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамадан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 18 таксон айқындалды. Олар Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae, Crustaceae, Coleoptera, Turbellaria, Hydrachnellae. түрлері. Биотикалық көрсеткіші 9ға тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Trichoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae, Vermes түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 5 тең, су сапасы III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

**Тихая өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 30 % құрады, екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 33,3 % құрады, өткір уыттылық болған жоқ.

Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада балдырлардың 14 диатомды және 1 жасыл түрі айқындалды. Сапробты индекс 1,95 су сапасы III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

«Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада балдырлардың 9 түрі айқындалды. Даму көрсеткіші жағынан *Nitzschia palea* және *Symbella ventricosa* (5 бал) болды. Басқаларының кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 2,14 су сапасы III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау»тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Trichoptera, Dipteralarvae, Vermes қауымдастығынан 6 таксон айқындалды. Биотикалық индекс

мәні 6 құрады, сапа III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae, Vermes, Hydrachnellae, Crustaceae қауымдастығынан 8 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, су сапасының II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады.

**Үлбі өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамалары әр түрлі деңгейде тіркелді. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өліп қалған дафниялар 0% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлген дафниялар саны 6,7% құрады. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 13,3%. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» өлген дафниялар саны 0% құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады, өткір уыттылық жоқ.

«Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада су сапасы III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» болды. Сынамадан диатомды балдырлардың 5 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 бал болды. Сапробты көрсеткіш 1,75 тең. Тишинск кенішінің шахта сулары төгіндісінен төмен «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада балдырлардың 4 диатомды және 1 жасыл түрі айқындалды, кездесу жиілігі 1-2 бал. Сапробты көрсеткіш мәні 1.5 тең. Судың сапасы II класқа жатады. Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада балдырлардың 11 түрі айқындалды. Сапробты көрсеткіш мәні 1,85 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар. Ағыс бойымен төмен, өзеннің сол жақ жағасы «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамада балдырлардың 7 түрі диатомды 1 түрі көк-жасыл болды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,91 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 5 түрі айқындалды. Сапробты көрсеткіш 1,96 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Үлбі өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» макрозообентос құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae қауымдастықтарының 6 таксоны айқындалды. Су



сапасының II класына сәйкес, таза сулар. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» макрозообентос құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae қауымдастықтарының 7 таксоны айқындалды. Су сапасының II класына сәйкес, таза сулар. Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамадан судың сапасы II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс мәні 8 құрады. Макрозообентос құрамынан Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera қауымдастықтарының 8 таксоны айқындалды. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» және «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» оң жақ жағалауынан алынған сынамада Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae түрлері болды. Биотикалық индекс мәні 6 мен 5 тең. Су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

**Глубочанка өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 0% құрады, өткір уыттылық жоқ. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлі дафниялар 3,3% құрады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 6,7% құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ.

Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 14 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,88, сапа III класс. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 9 түрі анықталды. Сапробты индекс 2,09, су сапасы III классқа сәйкес «орташа ластанған» сулар. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 6 түрі анықталды. Сапробты индекс 2,11, су сапасы III классқа сәйкес «орташа ластанған»

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамасы макрозообентос сынамасында Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustaceae қауымдастықтарының 8 таксоны анықталып тіркелді. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класс, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары;

тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамадан Trichoptera, Diptera larvae, Crustaceae 6 таксоны айқындалды. Биотикалық индекс мәні 6 құрады. Су сапасының III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамада да су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Биотикалық индекс мәні—6ға тең.

**Красноярка өз.** 2019 ж. маусым айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. Сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады. Екінші «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелмеді, дафниялар саны 20% құрады.

Красноярка өз. және перифитон көрсеткіші нашар болды, түрлік құрамы 1-3 түр болды. «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» алынған сынамада балдырлардың 18 түрі кездесті, кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,95 тең, сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған». «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 8 түрі анықталды. Сапробты индекс 2,13 тең, сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған».

2019 ж. маусым айындағы макрозообентос көрсеткіштері бойынша Красноярка өз. «Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамада су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Бұл жерден Heteroptera, Crustaceae, Diptera larvae, Mollusca түрлері анықталды. Биотикалық көрсеткіш 5 құрады. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамасынан алынған сынамалардан су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Бұл жерден Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae түрлері анықталды. Биотикалық көрсеткіш 5 құрады.

**Оба өз.** 2019 ж. маусымда алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Шемонаиха қ. Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада және екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% және 3,3% құрады.

Перифитон көрсеткіші бойынша Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада балдырлардың 16 түрі кездесті, кездесу жиілігі 2-3 аралығында болды. *Cymbella ventricosa* және *Navicula viridula* (5 бал) басымдылық танытты. Сапробты индекс 1,81 тең, су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар». Екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 12 түрі кездесті, кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,85 тең, су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар».

2019 ж. маусым айындағы макрозообентос көрсеткіштері бойынша Оба өз. екі тұстамадан да Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Coleoptera Dipteralarvae, Heteroptera, Crustaceae, Mollusca қауымдастықтарынан жататын 12-13 түрлері кездесті. Биотикалық индекс 7 құрады су сапасы II класқа сәйкес «таза сулар» санатына жатқызылады.

**Емел өз.** 2019 ж. маусым айында жер беті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар саны тіркелген жоқ.

Маусым айында Емел өз. алынған перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 болды. Сапробты индекс мәні 1,78 болды. Су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Фитопланктонның даму көрсеткіштері бойынша Емел өз. суының сапасы III класқа жатады, су «орташа ластанған». Сынамада диатомды балдырлардың 9 түрі және жасыл балдырлардың 4 түрі айқындалды. Балдырлардың ортақ саны 481 мың.кл/л, тыс.кл/л, биомасса – 1,4039 мг/л. Басым бөлігін ұсақ жасушалы балдырлар құрады. Сапробты көрсеткіш 1,87 тең.

Зоопланктон сынамасында 4 таксон анықталды. Балдырлардың ортақ саны 0,6 экз.м<sup>3</sup>, биомасса 0,014 мг/ м<sup>3</sup>. Түрлер санының аздығынан статистикалы нәтиже үшін сапробты көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Маусым айында Емел өз. макрозообентос сынамасынан су түбі жәндіктерінің Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Dipteralarvae қауымдастықтарының 8 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс 8ге тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады.

**Бұқтырма суқоймасы.** 2019 жылдың маусым айында Бұқтырма суқоймасы беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Новая Бухтарма ауылы верт.1 мен Хайрузовка 8 және 12 пунктерінде тірі дафниялар саны 93,3% құрады, ал басқа барлық стансаларда тірі дафниялар саны 100% құрады.

**Өскемен суқоймасы.** Өскемен суқоймасы беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Огневка 4 мен Огневка 4в стансаларында тірі дафниялар саны сәйкесінше 90% және 93,3% және Аблакетка 8б стансасында 93,3% құрады, ал басқа барлық стансаларда тірі дафниялар саны 100% құрады. (Қосымша б).

## 5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,32 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы  $0,7-2,2$  Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,2$  Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша (№6 ЛББ) Сәтбаев көшесі аумағында және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша Абай және Төле би көшелерінің бұрышы аумағында анықталды (№3 ЛББ) (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлар бойынша азот диоксиді – 2,10 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жер беті) – 2,11 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксиді бойынша максималды бір-реттік шоғырлары – 1,15 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутегі – 1,40 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 1,93 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2 сур.).

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 3,50 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады(кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) және

$EЖҚ=3\%$  (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды (1,2 сур.).

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,21 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлар – 1,10 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,34 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 1,14 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

##### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және  $EЖҚ=2\%$  (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды (1,2 сур.).



Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 2,28 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкіртсутегі, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0 % анықталды (1,2 сур.).

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,13 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## **6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы**

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### **Талас өзені:**

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 61,7 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 35,0 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 149,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 48,6 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 81,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 42,2 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 99,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Талас** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 12,0-15,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 8,92-9,73 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,17- 2,75 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 38,3 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 97,7 мг/дм<sup>3</sup>.

**Аса өзені** су температурасы 17,4<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,09 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Берікқара өзені** су температурасы 19,0<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 7,79 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,60 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

